

Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 455 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3085. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 248-р өкіміне сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 23 тамыздағы
N 455 бұйрығымен бекітілген

Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) тұқым партиясынан алынған сынамаларға зертханалық талдау жүргізу арқылы тұқымның белгілі бір сортқа жататынын анықтау және тұқымның сорттық тазалығын айқындау тәртібі мен шарттарын регламенттейді.

2. Зертханалық сорттық сынауға Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының соңынан сатуға арналған элиталық тұқымдары мен бірінші көбейтілген тұқымдары жатады.

3. Зертханалық сорттық сынауды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (бұдан әрі - Мемкомиссия) жүргізеді.

2. Зертханалық сорттық сынау жүргізу

4. Ауыл шаруашылығы өсімдігінің әр түрі мен сорты бойынша сатуға арналған тұқымды зертханалық сорттық сынау:
үш жылда бір рет - элиталық тұқымдар үшін;
бес жылда бір рет - бірінші көбейтілген тұқымдар үшін жүргізіледі.

5. Тұқымды зертханалық сорттық сынауды жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар және (немесе) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілер Мемкомиссияға мына құжаттар мен мәліметтерді (тұқым партиясынан алынған с ы н а м а л а р) :

1) 1-қосымшаға сәйкес нысандағы зертханалық сорттық сынауды жүргізуге ө т і н і ш т і ;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың к ө ш і р м е с і н ;

3) сорттық егістіктерді тексеру актісінің және тұқымның сапасы туралы к у ә л і к т і ң к ө ш і р м е л е р і н ;

4) тұқым сынамалары мемлекеттік стандартымен жіберуді сәйкес іріктелген.

6. Мемкомиссия элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтан және (немесе) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушіден зертханалық сорттық сынауды жүргізуге өтініш түскен күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде тапсырылған құжаттар мен мәліметтерді зерделейді және осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтердің барлығы болған жағдайда 12043-88 "Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары. Түпнұсқалығын айқындау әдістері" МЕМСТке сәйкес зертханалық талдау жүргізеді.

7. Зертханалық сорттық сынаудың мәліметтері негізінде Мемкомиссия элиталық тұқым өндіруші шаруашылыққа және (немесе) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушіге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы тұқымды талдау нәтижесін береді.

"Зертханалық сорттық сынау
жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2004 жылғы 23 тамыздағы

№ 455 бұйрығымен бекітілген

Зертханалық сорттық сынау

жүргізу ережесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясына _____

_____ (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш

Зертханалық талдау жүргізуді және _____

_____ (ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты, түршесі, репродукциясы) тұқымының көрсетілген сортқа жататынын анықтап, оның сорттық тазалығын а й қ ы н д а у д ы с ұ р а й м ы н .

Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе жеке тұлғаның жеке куәлігі _____

_____ (тіркеу нөмірі, кім және қашан берді)

2. Мекен-жайы: _____

_____ (индексі, облысы, ауданы, елді мекен, көшесі, үйдің нөмірі, т е л е ф о н ы , ф а к с ы)

3. Қоса беріліп отырған:

құжаттар _____

(Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесінің 5-тармағына сәйкес)

тұқым сынамалары ___ дана, әрбірінің салмағы ___ килограмм.

Басшы _____

(қолы, мөрі, тегі, аты, әкесінің аты)

200__ жылғы _____

(күні, айы)

Өтініш қарастыруға 200__ жылғы _____ қабылданды

(кү н і , а й ы)

(өтініш қабылдаған жауапты тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты, қолы)

"Зертханалық сорттық сынау жүргізу ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 23 тамыздағы
N 455 бұйрығымен бекітілген
Зертханалық сорттық сынау

жүргізу ережесіне 2-қосымша

**N _____ тұқымды зертханалық
сорттық сынау нәтижесі**

200__ жылғы _____

(күні, айы)

200__ жылғы _____ өтініш бойынша зертханалық талдауға
(кү н і , а й ы)

тапсырылған, _____ алынған,
_____ репродукциялы, _____ жылғы егіннің

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты, түршесі)
тұқымының N _____ партиясына _____

(заңды тұлғаның толық атауы,
_____ берілді.

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

талдау нәтижелері

Тұқымның түпнұсқалығы _____

Қорытындылар мен ұсыныстар _____

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
Ауыл шаруашылығы дақылдарын
сорттық сынау жөніндегі
мемлекеттік комиссиясы

зертханасының директоры _____

(қолы, мөрі, тегі, аты, әкесінің аты)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК